

1. Бюджет-салық саясатының негізгі құралдары
 - A) пайыздар
 - B) мемлекеттік сатып алу
 - C) салықтар
 - D) баға деңгейі
 - E) трансферттер
 - F) несиелер
2. Кейнстің қарапайым тұтыну функциясы
 - A) $C=C \times (Y-T)$
 - B) $C=C+(Y-T)$
 - C) $C=C(Y+T)$
 - D) $C=(Y-T)/100$
 - E) $C=(Y-T) \times 100$
 - F) $C=C(Y-T)$
 - G) $C=Y-T$
3. Экономикалық өсудің мақсаттары
 - A) отандық өндіріс салаларының бәсекегеқабілеттігін көтеру және өндірісті әртіраптандыру
 - B) ұлттық табыстың халықтың әр топтары арасында бөлінуін жақсарту
 - C) тиімді инвестициялық саясатты жүзеге асыру, шетелдік инвестицияларды көптеп тарту
 - D) халықтың әл-ауқатын материалдық тұрғыдан көтеру
 - E) орта есеппен бір адамға шаққандағы табыстың өсуін шапшаңдату
 - F) мемлекеттің экономикаға араласу саясатын оңтайлы үйлесімділікпен жүргізу
4. Адам «жұмыссыз» деп танылады, егерде осы санаттардың біріне жататын болса
 - A) жұмысы жоқ, бірақ жұмыс табуға нақты әрекет жасауда
 - B) жұмыстан босатылған жерінен қайта шақырту күтіп жүрген
 - C) жаңа жұмыстың басталуын күтіп жүргеніне отыз күн болған
 - D) университеттің күндізгі бөлімінде оқитын студенттер
 - E) зейнет жасына шығып, бірақ әлі жұмыс іздеп жүрген адам
 - F) жұмысы бар, бірақ уақытша үйде отырған жүкті әйел
5. Жинақтауға шекті бейімділік
 - A) жинақтауға жұмсалатын жеке табыс өзгерісінің үлесі
 - B) тұтынуға жұмсалатын жеке табыс өзгерісінің үлесі
 - C) $MPS = \Delta S / \Delta YD * 100$
 - D) тұтынуға жұмсалатын қолда бар табыс өзгерісінің үлесі
 - E) қолда бар табыстың жинақталған өзгерісінің үлесі
 - F) $MPS = \Delta S / \Delta YD$

6. Ақша-несие саясатының тікелей реттеу құралдары
- A) пайыздық мөлшерлемесін тікелей реттеу
 - B) комермерциялық банктердің қызметін реттеу
 - C) ашық нарықтағы операциялар
 - D) несиелік лимиттеу
 - E) міндетті резервтер нормасын өзгерту
 - F) ақша массасын қысқарту
 - G) есептік мөлшерлемені өзгерту
7. IS қисығының сипаттамасы
- A) пайыз мөлшерлемесі мен инвестициялар арасындағы өзара қатынасты сипаттайды
 - B) пайыз мөлшерлемесі мен тұтыну шығындары арасындағы өзара қатынасты сипаттайды
 - C) ақша нарығының тепе-теңдігін сипаттайды
 - D) игіліктер мен ақша нарығының тепе-теңдігін сипаттайды
 - E) игіліктер нарығының тепе-теңдігін сипаттайды
 - F) пайыз мөлшерлемесі мен табыс деңгейі арасындағы өзара қатынасты сипаттайды
8. Харрод үлгісі
- A) экономикадағы функционалдық байланыстарды сипаттайтын теңдеулерден құралады
 - B) жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдігін зерттейді
 - C) халықтың өмір сүру деңгейіне жинақтың, еңбек ресурстарының әсер ету механизмдерін зерттейді
 - D) жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың өндірістік мүмкіншілігін зерттейді
 - E) Кобба-Дугластың өндірістік функциясын зерттейді
 - F) кәсіпкерлердің психологиялық мінез-құлқын талдауға негізделеді
 - G) тұрғындардың әл-ауқатын, материалдық жағдайын зерттейді
 - H) ұлттық экономиканың даму заңдылықтары мен ережелерін зерттейді
9. Мемлекеттік қарыздың пайда болу себептері
- A) жинақталған бюджет тапшылығы
 - B) ысырап шығындардың болуы
 - C) соғыс қимылдары
 - D) мемлекеттің банкротқа ұшырауы
 - E) оқу орындарының жабылуы
 - F) ұзақ мерзімдік дағдарыстар
 - G) салықтық түсімдердің көбеюі
 - H) жұмыссыздықтың пайда болуы

10. Потенциалды жалпы ішкі өнім артады

- A) капитал көлемі артқанда
- B) технологиялық процесс артқанда
- C) технологиялық жылжу болмағанда
- D) еңбек күші көлемі артқанда
- E) еңбек күші көлемі азайғанда
- F) капитал көлемі азайғанда